


**ХАЛЕЛ
ДОСМУХАМЕДҰЛЫ**



ЕҢБЕКТЕРІ

ЖАН САУЛДЕНЬ

РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚСТАН ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ
МҰРАСЫН ЗЕРТТЕЙТИН
«АРЫС» ҚОРЫ



ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ

ЕҢБЕКТЕРІ

Бірінші том

ЖАН САУЛЫҒЫ



Алматы

2017

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Д 64

Кітап Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен жарық көрді
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
Фылыми кеңесі мақұлдаған

Жаупаты редакторы Фарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының докторы

Досмұхамедұлы Х.
Д 64 Еңбектері: Бірінші том. Жна саулығы/Құраст. проф. Ғ.Әнес.–
Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 432 бет + 16 бет суретті жап-
сырма.

ISBN 978-601-291-361-3

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының кө-
семі, профессор Халел Досмұхамедұлының (1883 – 1939) шығармашы-
лығының толық жинағы – «Еңбектерінің» үш томдығы тұнғыш рет жарық
керіп отыр. Фалымның таңдамалы жинағының бірінші томына оның қазақ
тариҳы мен шежіресіне, әдебиеті мен тіліне қатысты еңбектері топтасты-
рылған.

Кітап қазақ руханияттың қызығушы әрбір жанға, әсіреле студенттер-
ге, магистранттарға, жас мамандарға арналады.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-291-361-3 (1-том)
ISBN 978-601-291-360-6

© Досмұхамедұлы Х., 2017
© Құраст. Ғ.Әнес, 2017
© «Арыс» баспасы, 2017

АЛАШТЫҢ ЖАН САУЛЫҒЫ МЕН ТӘН САУЛЫҒЫНЫң ШИПАГЕРІ

Бұ ғұниеде түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар, ақындар көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазактың арасында да аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбегі сіңген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі.

Халел Досмұхамедұлы

Заманынан оза туып, аумалы-тәкпелі ғасырлық жолды ұмытылmas қадыр-қасиетімен кешіп өткен Халел Досмұхамедұлы сыңды Алаш арыстарының аманат мұрасын байыппен бағалауда, олардың сегіз қырлы, бір сырлы тағылымды тұлғасын танып-білуде түйіп айтар өлшемсөз таппай қиналатынымыз бар. XX ғасырдың басында тарих сахнасына жарқырай шыққан бір шоғыр қазақ оқығандарын ұлығтауда әруақтарға бағышталған «Ағартушы» бағасөзі туған халқының сүйіспеншілігі мен құрметіне суарылған лайықты мәртебе деп білеміз¹.

Ағартушы Х.Досмұхамедұлы сыңды есіл ердің елеулі есімімен, еселі еңбегімен соңғы ширек ғасыр тәуелсіз тірлігімізде ел-жұрты жан-жақты таныс-біліс болды, тіптен жоғары оқу орнына аты беріліп, жастардың бой түзер шамшырағына да айналып үлгерді.

¹ Ағартушы Халел / Құраст. Әнес F. Алматы: «Арыс» баспасы, 2004, 272 б.

Бар-жоғы 55-56 жыл ғұмыр кешкен Халекенің тәржіме халін (өмірбаянын) біз о бастан төрт кезеңге жіктеп-жілік-теп, тарқатадайтындықтан келеміз:

Тұлғалану жылдары (1916-ншы дүрбелең дәуірге дейін);

1. Ат үстінде өткен, қан майданға кірген күрес жылдары (1916 – 1920);

2. Ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызыметпен айналысқан жылдары (1921 – 1928);

3. Құғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929 – 1939).

Қайырсыз XX ғасырдағы қазақтың басына тәнген зұлматты зауал, алапат нәубет, жазықсыз құғын-сүргін хақында айтудан, жазып-сызудан кемдік жоқ деуімізге болады. Алаштың айтулы 100 жылдығы тұсында кемдік болса толығары, әлі де бүркеулі ащи ақиқаттардың шымылдығы түрілері, рухани жаңғыруды бағдар тұтқан еліміздің қоғамдық-саяси санасынан өз орнын таба берері сөзсіз. Қысқа ғұмырдың ондаған жылында құғын-сүргіннен көз ашпай, қырық-елуақ жастарында қыршынынан қырқылған қайран арыстардың бар кінәсі – 1917-19 жылдары қолына қару алып, елін-жерін, бала-шағасын қорғағандығы еді. Орыс шовинизмі, сталиндік режим, өзін мәңгілік тұрадай санаған кеңестік жүйе ат төбеліндегі қазақ зиялышарының сол бір аласапыран жылдарда атқа мініп, қолына қару алғанын (В.И.Ленин амнистия туралы жарлық шығарып, қол қойса да) ешбір кешіре алмады. Аулап, аңдып жүріп атты-асты, түп-тұқияндарына дейін тұздай құртты...

Ойлы оқымысты, энциклопедист-ғалым Халел атамыздың Тәшкен мен Алматыда өткен бар-жоғы жеті-сегіз жылдық ағартушылық кезеңіндегі өнікті істері, бүгінгі түсінікпен айтқанда, бір ғылыми-зерттеу институты емес, сан салалы ғылымды тұтастырған Академияның атқарған жұмысы еді десек, еш қателеспейміз. Оған осы қамшының сабындағы үзік ғұмырында хатқа түскен, тасқа басылған телегей еңбегі, жаңадан жасақталып отырған үш томдық аманат мұрасы күе.

Медицина мен гигиена, биология мен адам анатомиясы һәм жалпы табиғаттану саласында өз заманында шыңға шығып, қоғам сұранысын өтер соны да төл іргелі еңбектер жазған жаратылыстанушы ғалым рухани, қоғамдық ғылым саласында да өшпес із, қайталанбас қайрат туғызғаны кім-кімді болса тәнті етері сөзсіз¹.

«Ағартушы ғалымның рухани-мәдени өміріміздегі ерен ең-бегі не?» дегенде, алдымен ойға оралары – әдебиеттіміздің алдаспан қылыш классигі Махамбетті «Тірілткені», оның жау-хар қазынасын шашпай-төкпей бүгінгі үрпаққа мирас қылғаны. Ата тарихын қастерлеген ұлыстар үрдісіне ден қойсақ, Х.Досмұхамедұлы артына басқалай із-жол қалдырмағаның өзінде, біздіңше, осынау дара ерлік-еңбегімен ғана өз-өзіне мәңгілік ескерткіш орнатқандай еді...

Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз шешен, Үғылман жырау, «Қарасай-Қази», «Қызы Жібек», «Кенесары-Наурызбай», Абай, Мағжан, Бернияз... Сол бір тауқыметті тар кезеңде осылардың бәрін хаттап, тасқа бастыру – ерлік емей, ердің ісі емей, немене?!

Ғұлама ғалым халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен, жариялаумен ғана айналысып қойған жоқ, сонымен бірге күні бүгінге дейін де маңызын жоймаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» сынды терең теориялық зерттеу де жазып қалдырыды. Ол сол заманың өзінде асыл қазына, фольклорлық мұрамызды тек өлең-жыр, сөз өнері деп қана қарамай, мәдени-рухани ұлттық код – тұрмыс-салт қалпы, нағым-сенім айнасы, тәлім-тәрбие ұлағаты деп саралағаны таң қалдырады. Осылайша бүгінгі зерттеушілер «жаңалық», соны бағыт ретінде ұсынып жүрген ырым-сырым, түс жору, т.б. ұсақ формаларды фольклор жанры ретінде қарастырса, «Аруақ-пен айтис» сияқты реликтілік құбылыстарды шаммен іздел, тауып жариялады. Осы тұста ғұлама ғалым шықкан шынын, оның тарихи ой-санамызға қосқан үлесін Шоқан сынды алып тұлғамен салыстыруға, сабактастыруға әбден болады.

¹ Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Избранное / Құраст. Әнес F. Алматы: Ана тілі, 1998, 23-бет.

Әмбебап ғалымның шығармашылығында руханияттың үш өрімі – тіл, тарих һәм әдебиет қатар өріліп жатады. Сол себепті де ғалым, мәселен, қазақ тіліндегі сингармонизм заңы хақында кітапша жазса, тіл дамуына әдеби тілдің, әдебиет тілінің қандай қатысы бар деген мәселеден аттап өте алмайды. Болмаса, Исатай батырдың жеке басы тарихын әңгімелей отырып, Махамбет сынды көтеріліс жаршысының көркем творчествосына сынни пікірін де айтады. Қорыта айтқанда Х.Досмұхамедұлының заманауи мақалалары өз кезіндегі енді-енді бауырын көтеріп келе жатқан қазақ қоғамтану ғылымын өрге сүйреп, үлкен биікке көтерді.

Өзіне дейін туған топырақта ешбір үлгісі жоқ, терминологиясы мұлдем жасақталмаған әр алуан ғылым саласынан бір адамның бірнеше тұнғыш оқулықтарды дүниеге әкелуі – қай халықтың тарихында да сирек кездесетін құбылыс, ал қазақ дүниесінде теңдесі жоқ қарекет болған еді. Ғалым ғылыми терминдерді түзуде, өз сөзімен айтсақ, «қолдан келгенше нағыз қазақ сөзін алу», «ғылым атауларын түсінікті қылуға тырысу» қағидаларын ұсынды. Сонымен бірге ол «жат сөзсіз (кірме, шет тіл сөзі – Ә.Ф.) қүнелте алмайтығын заман туғаны», «мәдениет қуған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, шеттен кірген біліммен, әдетпен, заңмен жаңалықтарға үғым беретін жаңа сөздер келмекші, білімге кірген жаңа сөздердің көбі үлгіге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы» деген қағида-принциплі ұстанады. Сол тұстағы Халекен және басқа да ағартушылар ұстанған жол, қазақ ғылым тілін сатылай қалыптастыру, жаңа үғым-түсініктерді шым-шымдал болып бойға сіңіру жолы бүгін де өз ділгірлігін жойған жоқ, әлі де күн тәртібіне өткір қойылып отыр.

Х.Досмұхамедұлы еңбектерінің бірінші томы – «Жан саулығына» (был атты шартты түрде біз қойып отырымыз) негізінен бұрыннан бірнеше мәрте баспа жүзін көрген еңбектері, 1998 жылғы «Таңдамалы» жинағына енген тарих, тіл һәм әдебиет саласындағы құнды мұралары топтастырылып отыр. Бұған ұстеме қосылған жаңа дүние – Ю.Вагнерден

аударған көпшілік қолды танымдық қос кітапшаның толық нұсқасы.

Тек Халекең мұрасы емес, жалпы қазақ зияллыарының соңында қалған жәдігерлерді танып-біліп, қайталап жариялау ісінде, әсіресе түрлі пәндер бойынша жазылған алғашқы қазақ тілді оқулықтармен танысу үстінде оларға қатаңдау талап көзімен қарап, «Тым қарабайыр емес пе екен, бүгінгі ілім-білім биігінен зерделегендеге қазіргі оқырманға қаншалықты пайдасы бар?» деген сауал қашанда көкейімізде тұрғаны жасырын емес. Әйтсе де сол жаратылыстану ғылымына арналған азды-көпті алғашқы оқулықтардың ішінде проф. Халел Досмұхамедұлы мен Елдес Омаровтың кітаптары айрықша көзге түсіп, өзінің көлем-ауқымымен, жатық тілімен, өрнекті суреттерімен өркештеніп, қолға алудың өзіне жүректі шайлықтыруши еді. Оның үстінен үнемі жетіспейтін уақыт атты құдірет бар, қалай десек те Алаш арыстары «ақталған» отыз жылда көбінше әдеби-мәдени мұраларды ғана жарыққа шығаруға шамамыз жетіп келе жатқанын несіне жасырамыз.

Сонау 1998 жылы Х.Досмұхамедұлы шығармаларының «Таңдамалы» жинағын құрастырған кезімізде оның бес бірдей оқулығы мен проф. Ю.Вагнерден аударған қос кітапшасынан шағын-шағын үзінділер беріп, жалпы жүртшылыққа олардың «дәмін» алғаш рет татқызығанбыз; қызыққан мамандар, әсіресе Қазақстандағы анатомия, биология, зоология ғылымдарының бастау-көзін індешілдер, термин тарихын зерттеушілер осы игі бастаманы әрі қарай іліп әкетер, тіпті бізге араб қарпінен қотаруға өтініш-тілек білдірер деп ойлағанбыз... Алайда оның жаратылыстану ғылымы саласындағы өшпес еңбектерімен қауышудың сәті енді ғана түсіп, көпшіліктің көзайымына айналуына нәсіп болып отыр.

Екінші том – «Тән саулығындағы» қос оқулық – «Адамның тән тірлігі» («Анатомия») мен «Табигат тану» еңбектері тұңғыш рет араб қаріпті төте жазудан толықтай қотарылып, жүйеленді.

«Табиғат тану» – қазақ ғылым-біліміне өлмес олжан қазыналы жылдардағы қанатқақтысы, төлбасы туындысы болса, екіншісі – толған, толысқан зерделі зерттеушінің, қаламы әбден үшталып, қазақтың ғылым тілі мұхитында кемесін еркін жүздірген қаламгердің соңғы іргелі еңбегі. Соңғы дейтініміз – 1927 жылы Мәскеуден басылып шыққан «Анатомияның» титул бетіне проф. Х.Досмұхамедұлы өз қолымен «Бірінші басылымы» деп жазып қойған; яғни қолжазба баспаға тапсырылған соң оның жаңа нұсқасы әзірленген. Кім білсін, астана Петерборда оқыған-тоқығанын, жиган-тергенін қандастарына аманаттауға асыққан есіл ер айдаудағы азапты жылдарында жаңа туындыларын жазған да шығар, жарық көрген еңбектерін түзеп-күзеп, толықтырған да шығар... Бірақ, оның бәрі біз үшін ғасырлық жұмбақ, орны толmas өкініш... Өйткені 1929 жылдан бергі дәуірде (күні кешегі 1989 жылға дейін) бірде-бір Алаш зиялышының бірде-бір кітабы баспа бетін, жарық дүниені көрмеді...

Ал томды түгел қамтып отырған үш бөлімді «Жануарлар» кітабының тіпті орны ерекше. Бүгінгі ғылым-білім тұрғысынан оның оң бағасын беру – сол саланың жетілген маマンдарының парызы. Біздің білеріміз – ғұлама ғалымның ойлау жүйесі, сол кездегі ана тіліміздің сөздік қорының мәйектілігі, қазақ тілінің әлеуетінің ерекше қуаттылығы еріксіз таңдандырады. Сондықтан бұл оқулықтар тұнғыш рет толық күйінде қазіргі жазу үлгімізben жарық көргендіктен, оған баға беру, саралау, зерттеп-зерделеу болашақтың ісі деп білеміз.

проф. Ғарифолла ӘНЕС